Источник: ИС Параграф WWW http:///online.zakon.kz

**Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы**
**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы**
*(2018.16.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)*

*ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2016.11.03. № 194 бұйрығымен кіріспе жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 12-1) тармақшасына, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (С. Нюсупов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен соң ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Министр** **А. Сәрінжіпов**

*ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2016.11.03. № 194 бұйрығымен тізбе жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.20.09. № 568 бұйрығымен (бұр.ред.қара); ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2017.28.12. № 657 бұйрығымен (бұр.ред.қара); ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.16.11. № 634 бұйрығымен (бұр.ред.қара) тізбе өзгертілді*

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 17 маусымдағы
№ 391 бұйрығымен
бекітілген

**Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі**

| Р/с № | Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары | Лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын | Ескертпе |
| --- | --- | --- | --- |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | құжаттар | |
| 1. Бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары: | | | |
| 1 | Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігі. | Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері. | |
| 2 | Оқу жоспарының пәндеріне сәйкес мұғалімдердің болуы. Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі олардың жалпы санынан кемінде 25%. | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 3 | ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2017.28.12. № 657 бұйрығымен алып тасталды (*бұр.ред.қара*) | | |
| 4 | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің немесе медициналық қызмет көрсету бойынша денсаулық сақтау ұйымдарымен шарттың болуы. | Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. |
| | | Медициналық қызмет көрсету бойынша денсаулық сақтау ұйымдарымен келісілген шарттың болуы. | |
| 5 | Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде № 11626 тіркелген) бұйрығымен бекітілген санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысының негізінде болуы немесе білім алушыларды тамақпен | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| | | Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету туралы шарттың көшірмесі. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қамтамасыз ету туралы шарттың болуы. | | |
| 6 | Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында материалдық активтердің болуы немесе материалдық активтерді 10 жылдан кем емес мерзімге жалға алу. | Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректері «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан алуға болған жағдайда. ұсынылмайды. |
| | | Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың немесе ғимаратты жалға алу шартының көшірмелері. | |
| 2. Негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары: | | | |
| 7 | Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігі. | Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері. | |
| 8 | Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі олардың жалпы санынан кемінде 35%. | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 9 | ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2017.28.12. № 657 бұйрығымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)* | | |
| 10 | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің немесе медициналық қызмет көрсету бойынша денсаулық сақтау ұйымдарымен шарттың болуы. | Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. Біліктілік талабы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| | | Медициналық қызмет көрсету бойынша денсаулық сақтау ұйымдарымен | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | шарттың болуы. | |
| 11 | Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде № 11626 тіркелген) бұйрығымен бекітілген санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысының негізінде болуы немесе білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету туралы шарттың болуы. | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).<br>Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету туралы шарттың көшірмесі. | Біліктілік талабы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 12 | Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында материалдық активтердің болуы немесе материалдық активтерді 10 жылдан кем емес мерзімге жалға алу. | Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).<br>Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың немесе ғимаратты жалға алу шартының көшірмелері. | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректері «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан алуға болған жағдайда. ұсынылмайды. |
| 13 | Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу пәндері кабинеттерімен; интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен; оқу-зертханалық жабдықтармен жарақталуы. | Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен жарақталу туралы біліктілік талабы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 3. Жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары: | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 14 | Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігі. | Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері. | |
| 15 | Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі олардың жалпы санынан кемінде 35%. | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 16 | ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2017.28.12. № 657 бұйрығымен алып тасталды (*бұр.ред.қара*) | | |
| 17 | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің немесе медициналық қызмет көрсету бойынша денсаулық сақтау ұйымдарымен шарттың болуы. | Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).<br>Медициналық қызмет көрсету бойынша денсаулық сақтау ұйымдарымен шарттың болуы. | Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. Біліктілік талабы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 18 | Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде № 11626 тіркелген) бұйрығымен бекітілген санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысының негізінде болуы немесе білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету туралы шарттың болуы. | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).<br>Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету туралы шарттың көшірмесі. | Біліктілік талабы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 19 | Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін | Пайдалы оқу алаңы, материалдық- | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында материалдық активтердің болуы немесе материалдық активтерді 10 жылдан кем емес мерзімге жалға алу. | техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректері «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан алуға болған жағдайда. ұсынылмайды. |
| | | Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың немесе ғимаратты жалға алу шартының көшірмелері. | |
| 20 | Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу пәндері кабинеттерімен; интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен; оқу-зертханалық жабдықтармен жарақталуы. | Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен жарақталуы туралы біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 4. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары: | | | |
| 21 | Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі оқу жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына немесе Мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік білім беру стандартына сәйкестігі. | Мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік білім беру стандартына және тиісті мамандықтың үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұралып отырған мамандыққа сәйкес оқу жоспарының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмелері. | Оқу жоспарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігі туралы біліктілік талаптары уәкілетті орган бекіткен эксперимент режимінде іске асырылатын бағдарламаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарындағы тұлғаларды және мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оқытуға арналған жұмыс жоспарларына қолданылмайды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 22 | Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі олардың жалпы санынан кемінде 70%, соның ішінде медициналық білім беру ұйымдары үшін қолданбалы бакалавриат, бакалавриат, магистратура деңгейі бар оқытушылар мен мейіргерлердің үлесі оқытушылардың жалпы санынан кемінде 10% болуы. | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Өндірістік оқыту шеберлеріне қатысты біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 23 | Жоғары және бірінші санаттағы оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің және (немесе) магистрлердің үлесі лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің санынан кемінде 30%. | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Өндірістік оқыту шеберлеріне қатысты біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 24 | Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және үлгілік оқу жоспарларына сәйкес толық оқу кезеңіне білім алушылар контингентіне шаққандағы, оның ішінде оқу тілдері бойынша оқу әдебиеті қорының, оқу-әдістемелік кешендерінің және цифрлық білім беру ресурстарының болуы. | Оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).<br>Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Оқу әдебиетінің тізбесі оқу жоспарына сәйкес ұсынылады. |
| 25 | Даярланатын біліктілікті ескере отырып, интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен; оқу-зертханалық жабдықтармен жарақталуы, соның ішінде орта буын медициналық мамандарын даярлау үшін оқу пәндік кабинеттермен, клиникаға дейінгі симуляциялық | Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы | Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныппен жарақталуы туралы біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | кабинеттермен жарақталуы. | туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 26 | Практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың болуы. | Сұратылып отырған мамандыққа немесе біліктілікке сәйкес практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттар көшірмелері. | Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 27 | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы. | Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. Біліктілік талабы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 28 | Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы. | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 29 | Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің (оқу кабинеттері, шеберханалар, зертханалар) болуы. | Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).<br>Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері. | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан алуға болған жағдайда ұсынылмайды. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ұйымдарына қолданылмайды. |
| 5. Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары: | | | |
| 30 | Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі оқу жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына немесе Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білімнен кейінгі білім беру стандартына сәйкестігі. | Мемлекеттік жалпыға міндетті, орта білімнен кейінгі білім беру стандартына және тиісті мамандықтың үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұралып отырған мамандыққа сәйкес оқу жоспарының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмелері. | Оқу жоспарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігі туралы біліктілік талаптары уәкілетті орган бекіткен эксперимент режимінде іске асырылатын бағдарламаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарындағы тұлғаларды және мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оқытуға арналған жұмыс жоспарларына қолданылмайды. |
| 31 | Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі олардың жалпы санынан кемінде 70%, соның ішінде медициналық білім беру ұйымдары үшін қолданбалы бакалавриат, бакалавриат, магистратура деңгейі бар оқытушылар мен мейіргерлердің үлесі оқытушылардың жалпы санынан кемінде 10% болуы. | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Өндірістік оқыту шеберлеріне қатысты біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 32 | Жоғары және бірінші санаттағы оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің және (немесе) магистрлердің үлесі лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің санынан кемінде 40%. | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Өндірістік оқыту шеберлеріне қатысты біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 33 | Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру | Оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы | Оқу әдебиетінің тізбесі оқу жоспарына сәйкес ұсынылады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | стандарттарына және үлгілік оқу жоспарларына сәйкес толық оқу кезеңіне білім алушылар контингентіне шаққандағы оның ішінде оқу тілдері бойынша, оқу әдебиеті қорының, оқу-әдістемелік кешендерінің және цифрлық білім беру ресурстарының болуы. | мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).<br>Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 34 | Даярланатын біліктілікті ескере отырып, оқу пәндері кабинеттерімен;<br>интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен;<br>оқу-зертханалық жабдықтармен жарақталуы. | Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныппен жарақталуы туралы біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 35 | Практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың болуы. | Сұратылып отырған мамандыққа немесе біліктілікке сәйкес практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттар көшірмелері. | Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 36 | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы. | Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. Біліктілік талабы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 37 | Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің | Санитариялық қағидалар мен | Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | болуы. | нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 38 | Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің (оқу кабинеттері, шеберханалар, зертханалар) болуы. | Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан алуға болған жағдайда ұсынылмайды. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| | | Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері. | |
| 6. Діни білім беру бағдарламалары: | | | |
| 39 | Жалпы білім беру және діни білім беру пәндері бойынша білім беру бағдарламаларының болуы. | Білім беру ұйымының басшысы бекіткен білім беру бағдарламаларының көшірмелері. | |
| 40 | Жалпы білім беретін пәндер бойынша -жоғары білімі; бейінді пәндер бойынша -жоғары діни білімі және/немесе дін қызметінде жалпы жұмыс өтілі бес жылдан кем емес, семинарияны немесе медресені бітірген штаттағы оқытушылардың болуы. | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 41 | Білім беру бағдарламаларына сәйкес дінтану сараптамасынан өткен оқу әдебиеті қорының болуы. | Оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| | | Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| | | Діни қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның оқу әдебиеті қорына берген дінтану сараптамасының оң қорытындысының көшірмесі. | |
| 42 | Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің болуы. | Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан алуға болған жағдайда ұсынылмайды. |
| | | Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері. | |
| 43 | Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен жарақталуы. | Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 44 | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы. | Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген | Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | лицензия туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 45 | Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы. | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 46 | Мәлімделген діни білім беру бағдарламаларына діни қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның сараптама қорытындысының болуы. | Мәлімделген діни білім беру бағдарламаларына діни қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның қорытынды хатының көшірмесі. | |
| 7. Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары: | | | |
| 47 | Білім беру бағдарламасының Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандарттарына сәйкестігі. | Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының, оқу жұмыс жоспарының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмелері. | Білім беру бағдарламасының, оқу жұмыс жоспарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігі туралы біліктілік талабы мәлімделген жағдайлар бойынша уәкілетті орган бекіткен эксперимент режимінде іске асырылатын бағдарламаларға қолданылмайды. |
| 48 | Бес жылда кемінде бір рет оқытушылардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету. | Оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес соңғы бес жылда кадрлардың біліктілік арттыру және қайта даярлау туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін оқытушылардың біліктілік арттыруы оқытылатын пәндерінің бейініне немесе оқыту әдістемесіне сәйкес өткізіледі. |
| 49 | Оқу жоспарындағы пәндерге сәйкес оқытушылардың | Педагог және оқытушы кадрлармен | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | болуы, оның ішінде оқытушылардың білімі оқытатын пән бейініне және/немесе «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «бейіні бойынша доктор» немесе «философия докторы (PhD)» дәрежелері және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары оқытатын пән бейініне сәйкес болуы.<br>Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын оқытушылардың жалпы оқытушылар санындағы үлесі - кемінде 80%;<br>«Өнер» және «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім саласындағы кадрларды даярлау бағыттары үшін кемінде 60%;<br>азаматтық авиация саласындағы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары үшін - кемінде 45%. | жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 50 | Оқытушылардың жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежелері және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары және/немесе «Еңбек сіңірген жаттықтырушы» спорттық атақтары бар оқытушылардың үлесі - университеттер үшін - кемінде 50 %, академиялар үшін кемінде - 30%, институттар үшін кемінде - 30%;<br>Оқытушылардың жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «магистр» дәрежесі бар оқытушылардың үлесі - 60%-дан көп емес;<br>оқытушылардың жалпы санынан «Өнер» білім беру саласында кадрларды даярлау бағыты үшін лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежелері және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары және/немесе Қазақстан Республикасының құрметті атақтары мен мемлекеттік марапаттары бар оқытушылардың үлесі университеттер үшін - | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | кемінде 50 %, академиялар үшін кемінде - 30%, институттар үшін кемінде - 30%;<br>Оқытушылардың жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «магистр» дәрежесі бар оқытушылардың үлесі - 60%-дан көп емес;<br>«Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру саласында кадрларды даярлау бағыты бойынша: лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежелері және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары бар оқытушылардың үлесі жалпы оқытушылар санынан кемінде университеттер үшін - кемінде 50 %, академиялар үшін кемінде - 30%, институттар үшін кемінде - 30%;<br>Оқытушылардың жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «магистр» дәрежесі бар және/немесе жоғары/бірінші біліктілік дәрігерлік санаты бар оқытушылардың үлесі - 50%-дан көп емес;<br>Қазақстан Республикасы | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін оқытушылардың жалпы санынан «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежелері және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары және/немесе әскери (арнайы) атағы подполковниктен төмен емес оқытушылардың үлесі кемінде 40%. | | |
| 51 | Кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын 100% қамтамасыз ететін баспа басылымдары форматындағы;<br>кадрларды даярлау бағыты бойынша («Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс» білім саласындағы кадрларды даярлау бағытынан басқа) оқу жұмыс жоспарының пәндерін 40% қамтамасыз ететін электронды форматтағы оқу және ғылыми әдебиет қорының болуы. Кітапхана қорында әлеуметтік-гуманитарлық бейіндегі пәндер бойынша негізгі оқу әдебиетінің соңғы бес жылда; | Оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| | | Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жаратылыстану, техникалық, ауыл шаруашылығы пәндері бойынша соңғы он жылда басылған баспа басылымдарының форматында болуы. | | |
| 52 | Оқу жұмыс жоспарына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті материалдық -техникалық және оқу-зертханалық базамен, сымсыз технологияларды қоса алғанда кең жолақты интернет желісімен, компьютерлік кабинеттермен жарақтандырылуы. Медициналық бағыт бойынша кадрларды даярлау үшін манекендермен, муляждармен және т.б. жабдықталған практикалық дағдылар орталығының (симулициялық орталықтың) болуы. | Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу-зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | «Сымсыз технологияларды қоса алғанда» біліктілік талабы Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 53 | ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.16.11. № 634 бұйрығымен алып тасталды (бұр.ред.қара) | | |
| 53-1 | Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытының бейініне сәйкес «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежелері, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, уәкілетті орган ұсынған отандық ғылыми журналдарда және халықаралық ғылыми журналдарда соңғы бес | Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жылда 2 ғылыми жарияланымдардың болуы, сондай-ақ оқулықтың не оқу құралының авторлары болып табылатын жетекші мамандардың, оқытушылардың бакалаврларға ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруы. | | |
| 54 | Практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың болуы, оның ішінде «Педагогикалық ғылым» білім саласындағы кадрларды даярлау бағыты үшін педагогикалық практика базалары бойынша мектепке дейінгі, және/немесе бастауыш, және/немесе негізгі және/немесе жалпы орта, және/немесе техникалық және кәсіптік, және/немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарымен шарттардың болуы. Медициналық бағыт бойынша кадрларды даярлау үшін алдыңғы қатарлы шетелдік медициналық білім беру ұйымдарымен стратегиялық әріптестік туралы шарттардың болуы. | Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытына сәйкес толық оқу кезеңін қамтитын, практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен және стратегиялық әріптестік туралы жасалған шарттардың көшірмелері. | Біліктілік талабы Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 55 | Білім алушылар үшін медициналық қызмет көрсету, сондай-ақ оқу корпустарында медицина пункттерінің болуы. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына білім алушылар үшін медициналық қызмет көрсетудің болуы. | Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. |
| 56 | Әр оқу корпусында білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | болуы.<br>Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы. | тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 57 | Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің, оның ішінде университеттер үшін 3 және одан көп, академиялар үшін 1 және одан көп, институттар үшін 1 және одан көп ауданы санитарлық нормаларға сай оқу орынжайларымен ғимараттардың (оқу корпустардың) болуы.<br>«Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім саласындағы кадрларды даярлау бағыты үшін шаруашылық жүргізу меншікті жеке не жедел басқару құқығындағы клиникасының болуы. | Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).<br><br>Ғимараттарға (оқу корпустарға) және клиникаларға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері. | Жылжымайтын мүлікке құқығының тіркелгені және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан алу мүмкіндігі болған жағдайда ұсынылмайды.<br>Білім беру ұйымының лицензия алуы немесе қайта құрылуына байланысты лицензияны қайта ресімдеуі кезінде оқу ауданының есебі оқу сабағының ауысымдылығы ескеріліп, жоғары оқу орнының түріне байланысты ең аз білім алушылар контингентіне бекітілген нормаға сүйеніп жүргізіледі. |
| 8. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары | | | |
| 8.1. «Магистр» дәрежесін бере отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: | | | |
| 58 | Білім беру бағдарламасының Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандарттарына сәйкестігі. | Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының, оқу жұмыс жоспарының мемлекеттік және орыс | Біліктілік талабы мәлімделген жағдайлар бойынша уәкілетті орган бекіткен эксперимент режимінде іске асырылатын бағдарламаларға қолданылмайды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | тілдеріндегі көшірмелері. | |
| 59 | Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытына және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес жоғары білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыру. | Лицензияланатын кадрларды даярлау бағытына сәйкес алдыңғы деңгей бойынша лицензияның бар болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Лицензиялардың мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі.<br>Біліктілік талабы «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)» және «Педагогикалық ғылым» білім саласындағы кадрларды даярлау бағыттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 60 | Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарынан басқа тиісті даярлау бағыттары бойынша білім беру ұйымдарымен немесе ғылыми немесе ғылыми-білім беру немесе ғылыми-өндірістік орталықтармен ынтымақтастық туралы келісімдердің болуы. | Білім беру ұйымдарымен немесе ғылыми немесе ғылыми-білім беру немесе ғылыми-өндірістік орталықтармен ынтымақтастық туралы толық оқу кезеңін қамтитын келісімдердің көшірмелері. | Шетел тілінде жасалған келісімдер және/немесе шарттар ұсынылған жағдайда, олардың мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аударылып, нотариалды расталған нұсқасының қоса берілуі талап етіледі. |
| 61 | Сұратылып отырған кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын үш ғылым докторының немесе бес ғылым кандидатының немесе бес философия (PhD) докторының болуы; «Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс» білім саласындағы | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | кадрларды даярлау бағыты бойынша бір ғылым докторының немесе бір ғылым кандидатының немесе философия (PhD) докторының болуы. | | |
| 62 | Оқытушылардың жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежелері және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары және/немесе «Еңбек сіңірген жаттықтырушы» спорттық атақтары бар оқытушылардың үлесі - университеттер үшін - кемінде 50 %, академиялар үшін кемінде - 30%, институттар үшін - 30%;<br>Оқытушылардың жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «магистр» дәрежесі бар оқытушылардың үлесі - 60%-дан көп емес;<br>Оқытушылардың жалпы санынан «Өнер» білім саласындағы кадрларды даярлау бағыты үшін лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежелері және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары және/немесе Қазақстан Республикасының құрметті атақтары мен мемлекеттік наградалары бар оқытушылардың үлесі университеттер үшін - кемінде 50 %, академиялар үшін кемінде - 30%, институттар үшін - 30%;<br>Оқытушылардың жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «магистр» дәрежесі бар оқытушылардың үлесі - 60%-дан көп емес;<br>«Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім саласындағы кадрларды даярлау бағыты бойынша: лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежелері және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары бар | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | оқытушылардың үлесі жалпы оқытушылар санынан кемінде университеттер үшін - кемінде 50 %, академиялар үшін кемінде - 30%, институттар үшін - 30%;<br>Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін: оқытушылардың жалпы санынан «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежелері және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары және/немесе әскери (арнайы) атағы подполковниктен төмен емес оқытушылардың үлесі кемінде 40%. | | |
| 63 | Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытының бейініне сәйкес «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» | Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | дәрежелері, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, уәкілетті орган ұсынған отандық ғылыми журналдарда және халықаралық лицензияланатын ғылыми журналдарда соңғы бес жылда 10 ғылыми жарияланымдардың болуы, сондай-ақ кемінде 2 оқулықтың не оқу құралының авторы болып табылатын жетекші мамандардың немесе оқытушылардың магистранттарға ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруы. | | |
| 64 | Білім беру ұйымының ұйымдармен және кәсіпорындармен жасалған шарттарға сәйкес қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың болуы. | Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу үшін ұйымдармен және кәсіпорындармен жасалған шарттардың және оларға қоса Жұмыстардың техникалық ерекшелігі мен оқытудың толық кезеңін қамтитын Күнтізбелік жоспарының көшірмелері. | Біліктілік талабы Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 65 | Білім беру бағдарламасына сәйкес сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименттік базаның болуы. | Мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименталдық базалардың болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 66 | Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің, оның ішінде ауданы санитарлық нормаларға сай оқу орынжайларының болуы. | Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).<br>Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару | Жылжымайтын мүлікке құқығының тіркелгені және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан алу мүмкіндігі болған жағдайда ұсынылмайды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері. | Білім беру ұйымының лицензия алуы немесе қайта құрылуына байланысты лицензияны қайта ресімдеуі кезінде оқу ауданының есебі оқу сабағының ауысымдылығы ескеріліп, жоғары оқу орнының түріне байланысты ең аз білім алушылар контингентіне бекітілген нормаға сүйеніп жүргізіледі. |
| 67 | ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.16.11. № 634 бұйрығымен алып тасталды (бұр.ред.қара) | | |
| 68 | Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті материалдық техникалық және оқу-зертханалық базалармен, сымсыз технологияларды қоса алғанда кең жолақты интернет желісімен, компьютерлік кабинеттермен, кітапханамен жарақтандырылуы. | Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу-зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | «Сымсыз технологияларды қоса алғанда» біліктілік талабы Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 69 | Магистранттардың практикадан өту үшін отандық ұйымдармен келісілген шарттардың және шетелдік ғылыми тағылымдамадан өту үшін жасалған шарттардың (Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарынан басқа) болуы. | Практика базалары ретінде айқындалған, оның ішінде ғылыми тағылымдамадан өтетін ұйымдармен толық оқу кезеңін қамтитын шарттардың көшірмелері. | Шетел тілінде жасалған шарттар ұсынылған жағдайда, олардың мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аударылған, нотариалды расталған нұсқаларын қоса беру талап етіледі. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 70 | Білім алушылар үшін медициналық қызмет көрсету, сондай-ақ оқу ғимараттарында медициналық пункттердің болуы.<br>Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін медициналық қызмет көрсетудің болуы. | Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. |
| 71 | Әрбір оқу корпусында білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.<br>Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарында білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы. | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 8.2. Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын (резидентура) білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметі үшін: | | | |
| 72 | Білім беру бағдарламасының Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандарттарына сәйкестігі. | Клиникалық мамандықтар бойынша жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының, оқу жұмыс жоспарының | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмелері. | |
| 73 | Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын және кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық, кемінде бес жыл клиникалық жұмыс өтілі бар, даярлық бейіні бойынша уәкілетті орган ұсынған отандық ғылыми журналдарда және шетелдік басылымдарда, халықаралық конференциялардың еңбектерінде соңғы бес жылда 4 ғылыми жарияланымдарының және оқу құралының авторы болып табылатын «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «бейіні бойынша доктор» немесе «философия докторы (PhD)» дәрежелері бар кемінде екі маманның немесе «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «бейіні бойынша доктор» немесе «философия докторы (PhD)» дәрежелері бар кемінде бір маманның және сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары дәрігерлік санаты бар бір маманның болуы. | Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқу құралдары, көрсетілген тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 74 | Тиісті клиникалық даярлау мамандықтары бойынша мамандандырылған ғылыми- | Мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | әдістемелік, клиникалық, материалдық-техникалық базаларының болуы. | клиникалық, эксперименталдық базалардың болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 12-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша). | |
| 75 | Оқу жоспарына сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті материалдық техникалық және оқу-зертханалық базалармен, сымсыз технологияларды қоса алғанда кең жолақты интернет желісімен, компьютерлік кабинеттермен, кітапханамен жарақтандырылуы. | Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу-зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 76 | ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.16.11. № 634 бұйрығымен алып тасталды (бұр.ред.қара) | | |
| 76-1 | Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытының бейініне сәйкес «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «бейіні бойынша доктор» немесе «философия докторы (PhD)» дәрежесі, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, уәкілетті орган ұсынған отандық ғылыми журналдарда және халықаралық лицензияланатын ғылыми журналдарда соңғы бес жылда 4 ғылыми жарияланымдардың болуы, сондай-ақ кемінде 2 оқулықтың не оқу құралының авторы болып табылатын жетекші мамандардың, оқытушылардың | Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген тиісті кадрларды даярлау бағытыбойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | резиденттерге ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруы. | | |
| 77 | Практика базасы ретінде айқындалған ұйымдармен (ғылыми ұйымдарды қоспағанда) және жетекші шетелдік медициналық білім беру ұйымдарымен стратегиялық әріптестік туралы шарттардың болуы. | Практика базасы ретінде айқындалған ұйымдармен және стратегиялық серіктестік туралы жасалған толық оқу циклін қамтитын шарттардың көшірмелері. | |
| 78 | Білім алушылар үшін медициналық қызмет көрсетудің, сондай-ақ оқу ғимараттарында медициналық пункттердің болуы. | Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. |
| 79 | Әрбір оқу корпусында білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы. | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 80 | Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін клиникалардың (ғылыми ұйымдарды қоспағанда), материалдық активтердің, оның ішінде санитарлық нормаларға сай оқу орынжайларының болуы. | Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).<br>Ғимараттарға және клиникаға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері. | Жылжымайтын мүлікке құқығының тіркелгені және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан алу мүмкіндігі болған жағдайда ұсынылмайды. Білім беру ұйымының лицензия алуы немесе қайта құрылуына байланысты лицензияны қайта ресімдеуі кезінде оқу ауданының есебі оқу сабағының ауысымдылығы ескеріліп, жоғары оқу орнының түріне байланысты ең аз білім алушылар контингентіне бекітілген нормаға сүйеніп жүргізіледі. |
| 8.3. Философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының қызметі үшін: | | | |
| 81 | Білім беру бағдарламасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкестігі. | Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының, оқу жұмыс жоспарының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмелері. | |
| 82 | «Ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «бейіні бойынша доктор» немесе «философия докторы (PhD)» дәрежелері және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары немесе әскери (арнайы) атағы подполковниктен төмен емес немесе әділет кеңесшісі кластық шенінен төмен емес оқытушылардың үлесі 100%-дан кем емес. | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 83 | Кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, даярлық бейіні бойынша отандық басылымдарда, халықаралық конференциялардағы еңбектерде ғылыми жарияланымдардың және оқу құралының авторы болып табылатын кадрларды даярлаудың әрбір ғылыми | Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 11- | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бағыты бойынша лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын кемінде бір ғылым докторының немесе екі ғылым кандидатының не философия докторының (PhD) не бейіні бойынша доктордың болуы. | қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 84 | Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарынан басқа, кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша ғылыми алмасу мәселелерін регламенттейтін ведомствоаралық келісімдердің болуы. | Ғылыми алмасу мәселелерін регламенттейтін келісімдердің көшірмелері. | Шетел тілінде жасалған келісімдер ұсынылған жағдайда, олардың мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аударылып, нотариалды расталған аудармасын қоса беру талап етіледі. |
| 85 | Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименттік базаның болуы. | Мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, экспериментaлдық базалардың болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 86 | Оқу жоспарына сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті материалдық техникалық және оқу-зертханалық базалармен, кең жолақты интернет желісімен, компьютерлік кабинеттермен, кітапханамен жарақтандырылуы. | Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу-зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 87 | Білім алушылар үшін медициналық қызмет көрсетудің болуы. | Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 88 | Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы. | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 89 | Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің, оның ішінде ауданы санитарлық нормаларға сай оқу орынжайларының болуы. | Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).<br>Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері. | Жылжымайтын мүлікке құқығының тіркелгені және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан алу мүмкіндігі болған жағдайда ұсынылмайды. Білім беру ұйымының лицензия алуы немесе қайта құрылуына байланысты лицензияны қайта ресімдеуі кезінде оқу ауданының есебі оқу сабағының ауысымдылығы ескеріліп, жоғары оқу орнының түріне байланысты ең аз білім алушылар контингентіне бекітілген нормаға сүйеніп жүргізіледі. |
| 8.4. «Философия докторы (PhD)» және «бейіні бойынша доктор» дәрежесін бере отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: | | | |
| 90 | Білім беру бағдарламасының Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандарттарына сәйкестігі. | Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының, оқу жұмыс жоспарының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмелері. | Білім беру бағдарламасының, оқу жұмыс жоспарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігі туралы біліктілік талабы уәкілетті орган бекіткен эксперимент режимінде іске асырылатын бағдарламаларға қолданылмайды. |
| 91 | Оқытушылардың оқу жоспарындағы пәндерге сәйкес болуы, оның ішінде олардың білімі, «ғылым | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1- | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «бейіні бойынша доктор» немесе «философия докторы (PhD)» дәрежелері және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары оқытатын пән бейініне сәйкес болуы.<br>Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «бейіні бойынша доктор» немесе «философия докторы (PhD)» дәрежелері және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары бар және/немесе «Еңбек сіңірген жаттықтырушы» спорттық атақтары бар және/немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік марапаттары мен құрметті атақтары бар оқытушылардың үлесі кемінде 100 %. | қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 92 | Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытына және жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес | Лицензияланатын кадрларды даярлау бағытына сәйкес алдыңғы деңгей бойынша лицензияның бар болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 9- | Лицензиялардың мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі.<br>Біліктілік талабы «Денсаулық сақтау және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бакалавриаттың және магистратураның оқу бағдарламаларын іске асыруы. | қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)» және «Педагогикалық ғылым» білім саласындағы кадрларды даярлау бағыттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 93 | Білім беру ұйымының ұйымдармен және кәсіпорындармен жасасқан шарттары негізінде қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың болуы. | Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу үшін ұйымдармен және кәсіпорындармен жасалған шарттардың және оларға қоса жұмыстардың техникалық ерекшелігі мен күнтізбелік жоспарының толық оқу кезеңін қамтитын көшірмелері. | |
| 94 | Докторантура бағдарламаларын іске асыратын аккредиттелген шетелдік жоғары оқу орындарымен және (немесе) ғылыми ұйымдармен ғылыми алмасу туралы шарттардың болуы. | Толық оқу кезеңін қамтитын аккредиттелген шетелдік жоғары оқу орындарымен ғылыми алмасу туралы шарттардың көшірмелері.<br>Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытына сәйкес шетелдік жоғары оқу орнының бағдарламаларын аккредиттеу туралы куәліктің көшірмелері. | Шетелдік ұйымдармен ынтымақтастық туралы шетел тілінде жасалған келісімдерге қол қойылғаны сияқты мемлекеттік немесе орыс тіліндегі бірдей мәтіндегі нұсқаларына да қол қойылады. Шетел тілінде жасалған келісімдер және/немесе шарттар ұсынылған жағдайда, олардың мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аударылып, нотариалды расталған аудармасын қоса беру талап етіледі. |
| 95 | Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименттік базаның болуы | Мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименталдық базалардың болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | талаптарына 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 96 | Оқу жоспарына сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базалармен, сымсыз технологияларды қоса алғанда кең жолақты интернет желісімен, компьютерлік кабинеттермен, кітапханамен жарақтандырылуы. | Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу-зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 97 | Докторанттардың практикадан өту үшін отандық ұйымдармен жасалған шарттардың және шетелдік ғылыми тағылымдамадан өту үшін жасалған шарттардың болуы. | Толық оқу кезеңін қамтитын сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытына сәйкес практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен және шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтетін ұйымдармен жасалған шарттардың көшірмелері. | Шетел тілінде жасалған шарттар ұсынылған жағдайда, олардың мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аударылған, нотариалды расталған нұсқаларын қоса беру талап етіледі. |
| 97-1 | Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытына сәйкес «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «бейіні бойынша доктор» немесе «философия докторы (PhD)» дәрежелері бар жетекші мамандардың, оқытушылардың ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруы. Кадрларды даярлау бағыттары бойынша ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл, соңғы 5 жылда Web of science немесе Scopus халықаралық дәйексөз келтіру жүйесіндегі кемінде | Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 2 және одан көп Хирш индексі бар ғылыми жарияланымының авторы болуы және (немесе) Web of Science базасындағы нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда немесе 1, 2 және 3 Scopus квартиль базасына енетін 2 жарияланымының болуы (соңғы бес жылда); және (немесе) халықаралық патенттер, сондай-ақ оқулық не оқу құралының авторы болуы және (немесе) уәкілетті орган ұсынған баспа бетіндегі кемінде 20 жарияланымның болуы (соңғы бес жылда). | | |
| 97-2 | «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары», «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» салалардағы кадрларды даярлау бағыттары бойынша сертификатталған зертханалардың немесе олармен шарттардың болуы. | Зертханалардың аккредиттеу туралы куәліктерінің көшірмелері немесе осы зертханалармен шарттардың көшірмелері. | |
| 97-3 | Плагиатқа тексерудің компьютерлік бағдарламасының болуы. | Плагиатқа тексерудің компьютерлік бағдарламасының бар екенін растайтын құжат тың көшірмесі. | |
| 98 | Білім алушылар үшін медициналық қызмет көрсету, сондай-ақ оқу ғимараттарында медицина пункттерінің болуы. | Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 99 | Әр оқу корпусында білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы. | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| 100 | Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің, оның ішінде ауданы санитарлық нормаларға сай оқу орынжайларының болуы. | Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Жылжымайтын мүлікке құқығының тіркелгені және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан алу мүмкіндігі болған жағдайда ұсынылмайды. Білім беру ұйымының лицензия алуы немесе қайта құрылуына байланысты лицензияны қайта ресімдеуі кезінде оқу ауданының есебі оқу сабағының ауысымдылығы ескеріліп, жоғары оқу орнының түріне байланысты ең аз білім алушылар контингентіне бекітілген нормаға сүйеніп жүргізіледі. |
| | | Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері. | |

Білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын осы біліктілік талаптарында және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінде қолданылатын қысқартулар мен белгілер:

1. «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ - берілген, қайта ресімделген, уақытша тоқтатылған, қызметін тоқтатқан және қайта күшіне енген лицензиаттардың лицензиялары туралы мәліметтер бар, лицензиар беретін лицензиялардың орталықтандырылған сәйкестендіру нөмірін қалыптастыратын ақпараттық жүйе;

2. «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ - жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеу және есепке алу саласындағы мәліметтерді автоматты түрде жинауға (енгізуге), өңдеуге, өзектендіруге, сақтауға және талдауға арналған ақпараттық жүйе.

*ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.16.11. № 634 бұйрығымен 1-қосымша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
1-қосымша

Нысан

**Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер**

__________________________________________________

**(білім беру ұйымының атауы)**

**(____________ жағдай бойынша)**

| № | Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) | Туған жылы мен жері | Жоғары және/немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы мәлімет, мамандығы, диплом бойынша біліктілігі, бітірген жылы | Негізгі жұмыс орны (ұйымның мекен жайы) | Қосымша жұмыс орны (қоса атқару) | Сотталмағандығы (сотталғандығы) туралы мәлімет* | Санаты, берілген күні, санат берілгені туралы бұйрықтың нөмірі* | Дәрігерлік бақылаудан өткені туралы мәлімет (санитарлық кітаптың болуы)* | Ма... дә... ту... ма... (мам... бе... жы... |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | |
| | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| «Философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі туралы мәлімет, мамандығы, берілген жылы | «Бейіні бойынша доктор» немесе «философия докторы (PhD)» дәрежелері туралы мәлімет, мамандығы, берілген жылы | «Ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері туралы мәлімет, мамандығы, берілген жылы | «Қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары туралы мәлімет, мамандығы, берілген жылы | Қазақстан Республикасының мемлекеттік марапаттары мен құрметті атақтары, «Еңбек сіңірген жаттықтырушы» спорттық атақтары немесе жоғары мен бірінші дәрігерлік санаты туралы мәлімет, берілген жылы | Тану/ нострификациялау туралы куәліктің болуы туралы мәлімет | Оқыт... па... |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 1... |
| | | | | | | |

Білім беру ұйымының басшысы

_______________________________________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Ескертпе* бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін

*ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.16.11. № 634 бұйрығымен 2-қосымша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне
2-қосымша

Нысан

**Оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер**

**_______________________________________**
**(білім беру ұйымының атауы)**
**(_______________ жағдай бойынша)**

| Р/с № | Кәсіп, кадрларды даярлау бағыты бойынша оқу пәні, қызмет түрі, оқыту және тәрбиелеу бағдарламасының бөлімі | Пәнді оқитын білім алушылардың саны (болжамды жинақталуы) | Оқу әдебиеті (атауы, басылып шыққан жылы, авторлары) | Оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттер (атауы, басылып шыққан жылы, авторлары) * | Саны кемінде 1 дана |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |
| Барлығы: | | | | | |

Білім беру ұйымының басшысы

_______________________________________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Ескертпе *техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін толтырылады

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне
3-қосымша

Нысан

Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер

______________________________________________________________

(білім беру ұйымының атауы)
(_______________ жағдай бойынша)

| Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы | Медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәлімет (нөмірі) | Ескертпе |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |

Білім беру ұйымының басшысы __________________(Тегі, аты, әкесінің аты
(қолы) (болған жағдайда)

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
4-қосымша

Нысан

Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер

______________________________________________________________

(білім беру ұйымының атауы)
(______________ жағдай бойынша)

| Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы | Тамақтану объектісінің атауы (асхана, буфет, дәмхана) | Тамақтану объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні және нөмірі) | Ескертпе (тамақтану объектісін жалға берген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

Білім беру ұйымының басшысы __________________(Тегі, аты, әкесінің аты
(қолы) (болған жағдайда)

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
5-қосымша

Нысан

Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер

____________________________________________

(білім беру ұйымының атауы)
(_______________ жағдай бойынша)

| Құрылыстың типі (типтік жоба, ыңғайластырылған, өзге) білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы | Материалдық-қаржылық активтердің болуы (меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі) | Үй-жайлардың түрі (кабинеттер, дәрісхана аудиториялары, практикалық сабақтарға арналған кабинеттер, нақты мамандықтар, кәсіптер бойынша зертханалар мен шеберханалар, мәжіліс және спорт залдары), әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы үй-жайлардың түрі | Жалпы алаңы (м$^2$) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

Білім беру ұйымының басшысы ________________(Тегі, аты, әкесінің аты
(қолы) (болған жағдайда)

Ескертпе * Жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының лицензия алуы немесе қайта құрылуына байланысты лицензияны қайта ресімдеуі кезінде, оқу орынжайының ауданы бойынша біліктілік талабына сәйкестігі оқу сабағының ауысымдылығы ескеріліп, жоғары оқу орнының түріне байланысты ең аз білім алушылар контингентіне белгіленген нормаларға сүйеніп жүргізіледі.

*ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.16.11. № 634 бұйрығымен 6-қосымша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
6-қосымша

Нысан

**Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің,**
**оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы**
**мәліметтер**

| …не<br>…ң<br>…²)<br>…ен<br>…ың<br>…ың)<br>…ы | Жарақтандырылуы туралы мәлеметтер | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Атауы мен ауданы көрсетілген аудиториялар, пән кабинеттері* | Оқу-өндірістік шеберханалар, оқу-тәжірибелік учаскелер, оқу шаруашылықтары, оқу полигондары* | Атауы көрсетілген оқу зертханалары* (м$^2$) | Түрі, саны, шығарылым күні көрсетілген оқу және оқу-зертхана жабдықтарының, техникалық оқу құралдарының тізбесі | Мәжіліс залы, спорт залы (м$^2$) | Компьютерлердің жалпы саны көрсетілген компьютерлік сыныптар | Кітапха… |
| | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |

Білім беру ұйымының басшысы

___________________________________________________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Ескертпе * техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін ақпарат сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша немесе біліктілік бөлінісінде беріледі

7-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.16.11. № 634 бұйрығымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

*ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.16.11. № 634 бұйрығымен 8-қосымша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
8-қосымша

Нысан

**Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтер**

**___________________________________________**

**(білім беру ұйымының атауы)**
**(_______________ жағдай бойынша)**

| Р/с № | Кәсіп, кадрларды даярлау бағыты бойынша оқу пәні | Атауы, жасалған жылы | Авторлары |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

Білім беру ұйымының басшысы

___________________________________________________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

*ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.16.11. № 634 бұйрығымен 9-қосымша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
9-қосымша

Нысан

**Лицензияланатын кадрларды даярлау бағытына сәйкес алдыңғы деңгей бойынша лицензияның болуы туралы**

**мәліметтер**

| Р/с № | Бакалавриат кадрларды даярлау бағытының атауы | Лицензияның нөмірі, берілген күні | Магистратура кадрларды даярлау бағытының атауы* | Лицензияның нөмірі, берілген күні |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

Білім беру ұйымының басшысы ____________________________________________
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдай (қолы)

Ескертпе * «Философия докторы (PhD)» және «бейіні бойынша доктор» дәрежесін бере отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін, ақпарат сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытының бөлінісінде беріледі

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
10-қосымша

Нысан

Оқытылатын пәннің бейініне сәйкес соңғы бес жылда кадрлардың біліктілік арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтер

| № | Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) | Тақырыптың атауы | Оқыған орны мен кезеңі | Оқыған ұйымның атауы | Сағаттар саны | Аяқталу нысаны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

Білім беру ұйымының басшысы __________________(Тегі, аты, әкесінің аты
(қолы) (болған жағдайда)

*ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.16.11. № 634 бұйрығымен 11-қосымша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
11-қосымша

Нысан

**Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген тиісті**
**кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы**
**мәліметтер**

| Р/с | Ғылыми | Білімі туралы | Жұмыс өтілі | Жарияланымдар тізбесі | Окулы |
|---|---|---|---|---|---|

| № | жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | ақпарат («ғылым кандидаты» және/немесе «ғылым докторы» ғылыми дәрежесінің және/немесе «бейіні бойынша доктор» және/немесе «философия докторы (PhD)» дәрежесінің болуы туралы мәліметтер, резидентураны бітіргені туралы мәліметтер) | (ғылыми-педагогикалық, клиникалық) | отандық мерзімді басылымдарда | шетелдік мерзімді басылымдарда | халықаралық конференция еңбектерінде | немесе о құралын атауы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

Білім беру ұйымының басшысы

______________________________________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

(қолы)

*ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.16.11. № 634 бұйрығымен 12-қосымша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
12-қосымша

Нысан

**Мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименталдық базалардың болуы туралы мәліметтер ***

| Ғылыми-зерттеу институтының, клиникалық базасының, ғылыми зертханасының, техникалық паркінің, бизнес-инкубаторының болуы (қажеттісін таңдау) | Орналасқан мекенжайы | Меншік құқығында немесе шарт негізінде | Ескертпе (базаның қызметі туралы қысқаша ақпарат) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|

Білім беру ұйымының басшысы ________________________________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Ескертпе * ақпарат сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытының бөлінісінде беріледі